

Павлодар ауданы Шақат ауылдық округі Шақат ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Шақат ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 20 шілдедегі № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 30 мамырдағы Павлодар облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Павлодар ауданы Шақат ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Павлодар ауданы Шақат ауылдық округі Шақат ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- "Механизаторская" көшесі "Қабзақір Құшманұлы" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шақат ауылдық округінің әкімі

Е. Канкин